ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГОГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВАФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

50000, Алматы к., Желтоксан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

05-06 № 4336
11.08.2021

**"Каз Нур жобалау-құрылыс институты" ЖШС**

*Сіздің 28.07.2021 жылдағы №115868 өтінішіңізге*

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті сіздің өтінішіңіздің негізінде веб-портал арқылы "Алматы қаласының мемлекеттік активтер басқармасы" КММ қызметінде «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ үшін Спорттық жабық кешен құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу № 5952682-1 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтау мәніне камералдық бақылау жүргізілді.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 11-бабына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім беруші беретін ақпараттың анықтығын тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында анықтай алады.

Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпаратты беру фактісін анықтаған уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде:

1) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғаннан кейін анықталған болса, тапсырыс берушіні;

2) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін анықталған болса, мемлекеттік сатып алуды

ұйымдастырушыны, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді.

Алайда, 2021 жылдың шілде айының 21-жұлдызында №5520354 хаттаманы қорытындылау барысында әлеуетті өнім беруші "Каз Нур жобалау-құрылыс институты" ЖШС, 2019 жылдың 24-шілдесіндегі Алматы қаласы Сот алқасының шығарған №7599-19-00-2а/5382 қаулысына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болғандықтан осы конкурсқа қатысудан шектетілген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – қағидалар) 126-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру үшін мынадай:1) Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім берушілерге құқық берілмейді.

Ереженің 150 тармағының 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуларға қатысуға байланысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулер болса. Заңның 6-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде кері қайтаруына жатады. Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, конкурстық комиссия тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастырады.

Осылайша, әлеуетті өнім берушінің "Каз Нур жобалау-құрылыс институты" ЖШС конкурстық өтінімі ереженің 150-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

Жоғарыдығы көрсетілгендерді негізге ала отырып, сіздің өтінішіңіз қанағаттандырусыз қалдырылғанын хабарлайды.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

Жауаппен келіспеген жағдайда, сіз өз өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

**Департамент басшысының орынбасары** **Б.Бөгембаев**

*исп. Б.Нуралиев*
*тел. 279-40-89*